

V МОДУЛЬ

ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

4-сабақ Сот жүргізу тәртібі



1. Тыңдаңыз. Оқыңыз.

қаулы
жабық
жарыссөз
қарсылық
талап-тілек
жолқау
сотталушы
қосымша

пікір
қамаққа алу
жариялау
жүргізу тәртібі
бірінші сатыдағы сот
азаматтық іс
құқықбұзушы
апелляциялық шағым

Сот отырысы ашық деп жарияланады.
Сот отырысы жабық деп жарияланады.



2. Туісті көптік жалғауларын қоып жазыңыз.

-қар

-қер

-тар

-тер

міндет _____

құқық _____

пікір _____

өтінішхат _____

қарсылық _____

талап-арыз _____

шағым _____

сот _____

таран _____



3. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Сіз _____ білесіз бе?

Сіз _____ білесіз бе?

_____ бар ма?

_____ бар ма?

_____ бар ма?

_____ бар ма

_____ бар ма?



4. Тыңдаңыз, бос орынды толтырыңыз.

_____ шығарылады.
 _____ жарияланады.
 _____ жарияланады.
 _____ бар ма?
 Тараптардың _____ бар ма?
 _____ бен _____ түсінікті ме?
 _____ прокурор Калиев
 Қауірат _____.



5. Сәуікестендіріңіз.

Қаулы	бар ма?
Өтінішхаттар	шығарылады
Құқықтарыңыз	деп жарияланады
Сот отырысы ашық	түсінікті ме?
Қарсылығыңыз	қаралады
Азаматтық іс	бар ма?



6. Тыңдаңыз, қажетті сұраулық шылауларды жазыңыз.

Сот отырысы басталды _____?
 Өтінішхаттар бар _____?
 Құқығыңыз түсінікті _____?
 Міндетіңіз түсінікті _____?
 Қарсылықтарыңыз бар _____?
 Бүгін тараптар келді _____?
 Құқықтарыңыз түсіндірілді _____?
 Қосымша сұрақтарыңыз бар _____?
 Пікірлеріңіз бар _____?
 Шағым беру құқықтарыңыз түсінікті _____?

ма? ме?



7. Үлгінің көмегімен сұрақ құрастырыңыз

Менің қарсылығым бар.

Сіздің қарсылығыңыз бар ма?

Менің шағымым бар.

Менің құқығым бар.

Менің пікірім бар.

Менің дәлелім бар.



8. Сұқбатты тыңдаңыз, оқыңыз.

Азаматтық процесс

Судья: _____ бен _____ мүсінікті ме?
 Талап қоюшы: Иә, _____.
 Судья: _____ бар ма?
 Талап қоюшы: Қарсылығым жоқ.
 Судья: Қосымша _____ бар ма?
 Талап қоюшы: _____ жоқ.

Әкімшілік процесс

Судья: _____ бен _____ мүсінікті ме?
 Құқықбұзушы: Иә, _____.
 Судья: _____ бар ма?
 Құқықбұзушы: Қарсылығым жоқ.
 Судья: Қосымша _____ бар ма?
 Құқықбұзушы: _____ жоқ.
 Судья: Қосарларыңыз бар ма?
 Құқықбұзушы: _____ көлемін азайтуды сұраймын.
 Қатты _____ сұраймын.
 _____ жазасын қолданбауды сұраймын.
 Судья: Қаулы 3 жұмыс күнінде қауын болады.



9. Сұқбат бойынша құрыс/бұрысын табыңыз.

Сөйлем	құрыс	бұрыс
Талап қоюшы құқықтары мен міндеттерін түсінбеді.		✓
Өтінішхаттары бар.		
Қаулы 3 жұмыс күнінде қауын болады.		
Құқықбұзушы құқықтары мен міндеттерін түсінбеді.		
Талап қоюшының өтініштері бар.		
Құқықбұзушының қарсылығы бар.		

Сот отырысы ашық деп жарияланады.

Приозерск қалалық сотына талап-арыз беруші З.Ахметовтың жауапкер Т.Еспаевқа тұрғынжайдан шығару туралы талап-арызы бойынша азаматтық іс қаралады.

Төрағалық етуші судья _____

Сот отырысының хатшысының баяндауы.

Тараптардан сот құрамына қарсылықтары сұралады.

Құқықтар мен міндеттерді түсіндіру қажеттілігі сұралады.

Іс бойынша өтініштердің бар жоқтығы сұралады.

Тараптармен қауқы беуібім түрде шешу мүмкіншілігі қарастырылады.

Сот істі мәні бойынша қарауды бастайды.

Талап қоюшының талап-арыз бойынша пікірі баяндалады.

Жауапкердің талап-арыз бойынша пікірі тындалады.

Сот іс құжаттарын (қәлелдемелерді) зерттейді.

Іс құжаттары (қәлелдемер) бойынша өтініштердің бар жоғы сұралады.

Сот жарыссөзіне көшеді.

Сот шешім (ұғарым) шығаруға кетеді.

Сот шешімді (ұғарымды) жариялайды.

Қабылданған шешім (ұғарым) тараптарға түсіндіріледі.

Сот отырысы жабық деп жарияланады.

Сот отырысы ашық деп жарияланады

С.Маратовқа қатысты ҚР ҚК-нің 96-бабы,
1-бөлігі бойынша қылмысты іс қаралады.

Сот құрамы жарияланады: төрағалық етуші судья_____, хатшылықта_____,
прокурор_____ қатысады. Сот құрамына қарсылықтарыңыз бар ма?

Сот сіздерге құқықтарыңызды түсіндіреді.

Құқықтарыңыз түсінікті ме? _____

Өтінішхаттарыңыз бар ма? _____

Сот істі қарауға көшеді.

Сот іс құжаттарымен танысып, зерттейді.

Қосарларыңыз бар ма? _____

Сот тергеуінің аяқталуын жариялайды.

Сот жарыссөзге көшеді.

Тараптар, қысқаша қарсылықтарыңыз бен ескертулеріңіз (реплика) бар ма?

Сотталушыға соңғы сөз беріледі.

Сот кеңесу бөлмесіне кетеді.

Сот актісі жарияланады.

Сот актісіне шағым беру тәртібі мен мерзімін түсіндіреді.

Сот шешімі түсінікті ме, сұрақтарыңыз бар ма?

Сот отырысы жабық деп жарияланады.

Сот отырысы ашық деп жарияланады

Сот отырысында С.Ивановқа қатысты ӘҚБтҚРК-нің 610-бабы, 1-бөлігі бойынша әкімшілік іс қаралады.

Төрағалық етуші судья

Хатшы _____ қатысуымен

Сот құрамына қарсылықтарыңыз бар ма?

Сот сіздерге (құқықбұзушы, жәбірленуші) құқықтарыңызды түсіндіреді.

Құқықтарыңыз түсінікті ме?

Өтінішхаттарыңыз бар ма?

Сот сіздерге әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттаманы, шағымды жария етеді.

Сот сіздерге қабылданған қаулыны (ұғарымды) жариялайды.

Сот сіздерге қысқаша қабылданған қаулыны (ұғарымды) түсіндіреді.

Қаулы (ұғарым) түсінікті ме, сұрақтарыңыз бар ма ? _____

Шағым беру тәртібі түсінікті ме? _____

Қаулы (ұғарым) үш тәулік күні ішінде (қауын болады) жолданады.

Сот отырысы жабық деп жарияланады.

Сот алқасының отырысы ашық деп жарияланады.

Приозерск қалалық сотының 2018 жылғы 4 мамырдағы шешіміне келтірген апелляциялық шағыммен келіп түскен іс қаралады.

Төрағалық етуші және алқа судьялары _____

Сот отырысы
хатшысының баяндауы _____

Тараптардан сот құрамына қарсылықтары сұралады.

Құқықтар мен міндеттерді түсіндіру қажеттілігі сұралады.

Іс бойынша өтініштердің бар жоқтығы сұралады.

Тараптармен дауды беубіт түрде шешу мүмкіншілігі қарастырылады.

Сот алқасы істі мәні бойынша қарауға көшеді.

Сот алқасы іс бойынша дәлелдемелерді зерттейді.

Дәлелдемелерді зерттеу бойынша өтініштердің бар жоқтығы сұралады.

Сот алқасы сот жарыссөзіне көшеді.

Сот алқасы қаулы (ұғарым) шығаруға кетеді.

Сот алқасы қаулыны (ұғарымды) жариялайды.

Қабылданған қаулы (ұғарым) тараптарға түсіндіріледі.

Сот алқасының отырысы жабық деп жарияланады.

Сот алқасының отырысы ашық деп жарияланады.

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық сотының 2020 жылғы 28 сәуірдегі үкіміне сотталған С.Ивановтың апелляциялық шағымымен келіп түскен қылмыстық іс қаралады.

Сот құрамы жарияланады: алқа төрағасы _____, судьялар _____, хатшылықта _____, прокурор _____, қатысады.

Сот құрамына қарсылықтарыңыз бар ма?

Сот алқасы тараптарға құқықтарын түсіндіреді. Құқықтарыңыз түсінікті ме?

Өтінішхаттарыңыз бар ма?

Сот алқасы істі апелляциялық шағым негізінде қарауға көшеді (немесе прокурордың өтінішхаты негізінде).

Сот кеңесу бөлмесіне кетеді.

Қаулы жарияланады.

Қаулыға шағым беру тәртібі мен мерзімі түсіндіріледі.

Қаулы түсінікті ме, сұрақтарыңыз бар ма?

Сот отырысы жабық деп жарияланады.

Сот алқасының отырысы ашық деп жарияланады.

А.В.Макеновқа қатысты Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 73-1-бабы 1-бөлігімен әкімшілік құқықбұзушылық ісі бойынша жәбірленуші А. Хагазбауың Қарағанды қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2021 жылғы 23 қарашадағы қаулысына келтірген апелляциялық шағымы қаралады.

Сот құрамы жарияланады: төрағалық етуші ____, хатшылықта ____, прокурор ____ қатысады. Қарсылықтарыңыз бар ма?

Іс бойынша шағымнан бөлек талап-тілектеріңіз бар ма?

Сот сіздерге құқықтарыңыз бен міндеттеріңізді түсіндіреді. Құқықтарыңыз түсінікті ме? ____

Шағымданушы, шағым мәнін түсіндіріңіз.

Сот алқасынан не сұрайсыз, қаулыны күшінде қалдыруды немесе күшін жоюды.

Прокурор, сіздің іс бойынша қорытынды сөзіңіз.

Сот қаулысының қарар бөлігін жариялаймын.

Қабылданған қаулы түсінікті ме, сұрақтарыңыз бар ма?

Қаулыны үш тәулік ішінде сіздерге жолдаймыз.

Сот алқасының отырысы жабық деп жарияланады.